

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 тамыз N 1116

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Дипломатиялық паспорты туралы" 1999 жылғы 20 шілдедегі N 59 R990059_ өкімін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
9 тамыздағы
N 1116 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
күші жойылған кейбір шешімдерінің

тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Дипломатиялық паспорты туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 қазандағы N 1066 R 9 3 1 0 6 6 _ қ а у л ы с ы .

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 қазандағы N 1066 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 1994 жылғы 13 желтоқсандағы N 1407 қаулысының 1-тармағы және 1994 жылғы 14 ақпандағы N 182 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 4 7 , 5 2 1 - қ ұ ж а т) .

3. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 қазандағы N 1066 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 маусымдағы N 702 R960702_ қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күшін жойған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1031 R961031_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 12-тармағы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК